

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Е. Емелбаев
 «___» _____ 2023 ж.

Жаратылыстану-математика бағыты
«Мал шаруашылығы» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін
жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай
тестілеуге арналған тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

B078 - Мал шаруашылығы

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Жануар ағзасының құрылысы мен қызметі туралы қысқаша мәлімет	01	Ағза ұлпалары	Жануарлар ағзасының жасушаларын, ұлпаларын мүшелері мен жүйелерін оқып үйрену.
		02	Қозғалыс мүшелерінің қаңқасы	Қаңқа сүйектерін оқып үйрену; Қаңқа бұлшық еттерінің топографиялық орналасуын меңгеру.
		03	Жануарлардың қан айналым жүйесі	Қан айналым шеңбері және жүрек қызметін зерттеу.
		04	Тыныс алу жүйесі	Жоғары тыныс жолдары мен өкпе қызметін оқып үйрену.
		05	Жануарлар мен құстардың ас қорыту жүйесі	Ас қорыту жүйесінің құрылысын және асқорыту маңызын зерттеу.
		06	Жануралардың зат алмасу жүйесі	Көмірсу, май, ақуыз, су және минералды заттардың алмасуын маңызын оқып үйрену.
		07	Ішкі секреция бездері	Эндокринді бездердің қызметімен танысу.
		08	Көбею мүшелері	Аталық және аналық мүшелерінің қызметін оқып үйрену.
		09	Сүт бездерінің құрылысы мен қызметі	Желінің құрылысын және қызметін оқып үйрену.

02	Ауылшаруашылық малдарының өсіп өну негіздері	10	Ауылшаруашылық малдарының шығу тегі	Жануарлардың шығу тегімен танысу. Жануарлардың құрсақта және құрсақтан кейінгі дамып-жетілу кезеңдерін оқып үйрену.
03	Ауылшаруашылық малдарының дене бітімі және сыртқы пішіні	11	Малдың дене бітімі, түр тұлғасы және дене пішімі	Малды сыртқы пішіні мен дене құрылысына қарап бағалау.
04	Ауылшаруашылық малдарының өнімділігі	12	Жануарлар өнімділігі және құстардың жұмыртқа өнімділігі	Малдың сүттілігін, еттілігін, жүн өнімділігін, тері және құстардың жұмыртқа өнімділігін есептеу.
05	Ауылшаруашылық малдарын асылдандыру негіздері	13	Малды іріктеу және бағалау әдістері	Ауылшаруашылық малдарын іріктеу және бағалау.
		14	Ауылшаруашылық малдарын өсіру әдістері және жасанды ұрықтандыру	Таза тұқым өсіруді, шағылыстыруды, гибридтендіруді мегеру. Ұрық алу, ұрықты бағалау және сиырларды жасанды ұрықтандыру техникасын меңгеру.
		15	Ауылшаруашылық малдарының қысыр қалуы	Ауылшаруашылық малдарына төлдету кезіндегі көмек көрсету.
06	Ауылшаруашылық малдарын азықтандыру негіздері	16	Азықтың химиялық құрамы	Азықтарды химиялық құрамы бойынша нәрлілігін анықтау. Мал азығының қорытылу коэффициентін есептеу.
		17	Азық түрлері	Мал азығының сапасын бағалауды үйрету.
		18	Малды мөлшерлеп азықтандыру	Азықтандыру мөлшері және рацион құрылымы туралы түсініктерді оқып үйрену.
07	Зоогигиена және мал дәрігерлігі негіздері	19	Мал қораларына қойылатын зоогигиеналық талаптар	Мал қораларының жақтауларын оқып үйренеді. Малды азықтандыру, күтіп бағу ережелерін меңгеру. Шаруашылықтарды ветеринарлық өңдеу әдістерін меңгеру. Жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларын оқып үйрену.
08	Қой және ешкі шаруашылығы. Қой, ешкі өнімдерін өндіру технологиясы	20	Қой шаруашылығының маңызы және биологиялық ерекшелігі	Қой және ешкі тұқымдарын және оның негізгі өнімдерін оқып үйрену; Қойды азықтандыру мөлшерімен танысу.
09	Жылқы шаруашылығы	21	Жылқы шаруашылығының маңызы және оның негізгі тұқымдары	Жылқы тұқымдарын және оның негізгі өнімдерін білу. Жылқыларды мөлшерлеп азықтандыру әдістерін меңгеру.

10	Мүйізді ірі қара мал шаруашылығы	22	Мүйізді ірі қараның биологиялық ерекшелігі	Қазақстанда өсірілетін мүйізді ірі қара мал тұқымдарын ажырата білу. Сиырлардың орташа тәуліктік және орташа жылдық сүттілігін есептеу. Сиырларды мөлшерлеп азықтандырурациондарын құру.
11	Шошқа шаруашылығы	23	Шошқа шаруашылығының маңызы және биологиялық ерекшелігі	Негізгі шошқа тұқымдарымен танысу. Шошқаларды күтіп бағу жүйесін оқып үйрену. Шошқаларға тәуліктік азық рационын құру.
12	Түйе шаруашылығы.	24	Түйе шаруашылығының маңызы және биологиялық ерекшеліктері.	Түйе малының түрлері мен будандарының ерекшеліктерін оқып үйрену. Түйенің сүт және ет өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштерін ескере отырып мөлшерін анықтау.
13	Құс шаруашылығы	25	Құс шаруашылығының маңызы	Үй құстарының тұқымдары мен түрлерін ажыратуды, азықтандыруды және жұмыртқа өнімділігін есептеуді меңгеру.
14	Бал ара шаруашылығы	26	Бал араның тіршілік жағдайы	Бал ара шаруашылығының өнімдері мен бал ара ұясымен танысу.
15	Қоян және балық шаруашылықтары	27	Қоян және балық шаруашылықтарының маңызы	Үй қояндарының биологиялық ерекшеліктерін, тұқымдарын және азықтандыру негіздері мен өнімділігін оқып үйрену. Тоған шаруашылығында өсірілетін балықтардың биологиялық ерекшеліктерін оқып үйрену.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Мал шаруашылығы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контексті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Жолшыбек Т. «Мал шаруашылығы» Фолиант, 2009

2. Нұрғазы Қ.Ш. «Мал шаруашылығы практикум» Агроуниверситет баспасы, 2011

3. А.В. Бакай, В.Ф. Красота и др. «Животноводства» М.: Агропромиздат, 1985.

4. Г.И.Азимов, В.И.Бойко, А.П.Елисеев «Анатомия и физиология сельскохозяйственных животных» М., Колос, 1978.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасының м.у.а.

Б.Т.Шығанов

(қолы)

(Т.А.Ә)

202 ж.



Handwritten signatures and initials at the bottom left of the page.

Handwritten signature or initials in the bottom center.

Handwritten signature in the bottom right.